«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

120008, Қызылорда қаласы, Жалаңтөс Бахадүр көшесі, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

120008, город Кызылорда, улица Жалантос Бахадура, 2
тел/факс.: 8 (7242) 23-38-09, факс 8 (7242) 23-35-41
fink.kyzyl@minfin.gov.kz

№ 06-20/ЗТ-А-438 от 03.09.2019 г

«Акберген» ЖШС – і
БСН 060140028638

Алматы облысы, Талдықорған қаласы,
Қарасай Батыр көшесі 20 үй.

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне (*әрі қарай - Департамент*) Сіздің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 52470 «Қазалы ауданы Әйтеке би кенті жолдарның бойына жол қауіпсіздік белгілерін орнату. (жол белгілерін, жол кедергілері және жол жолақтары)» бойынша жарияланған № 3546538-1 электронды конкурсы бойынша конкурс ұйымдастырушысы «Қазалы ауданының мемлекеттік сатып алу бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесімен (*әрі қарай - Конкурсты ұйымдастырушы*) шығарылған мемлекеттік сатып алудың қорытынды нәтижесіне келіспеушілік білдірген шағымыңызға төмендегіні хабарлайды.

Департамент тарапынан «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі қарай- Заң) 30-бабы 4-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашасындағы № 598 бұйрығымен бекітілген камералдық бақылау жүргізу қағидаларының (бұдан әрі қарай-Қағида) 11-тармағына сәйкес жоғарыда аталған конкурс бойынша камералдық бақылау жасалынды.

Конкурс ұйымдастырушымен «Қазалы ауданы Әйтеке би кенті жолдарның бойына жол қауіпсіздік белгілерін орнату. (жол белгілерін, жол кедергілері және жол жолақтары)» бойынша № 3546538-1 электронды конкурсы 25.07.2019 жылы жарияланған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 739 бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген 01.07.2019 жылғы редакциясындағы мемлекеттік сатып алу қағидаларының (әрі қарай-Қағидалар) 177- тармағында әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімінің бағасы тауарларға, жұмыстарға (осы Қағидалардың 174, 175, 175-1-тармақтарында көзделген жұмыстарды қоспағанда), қызметтерге (осы Қағидалардың 176-тармағында көзделген қызметтерді қоспағанда) егер

конкурсқа бөлінген бағасынан жиырма пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік деп танылады.

Қағидалардың 178- тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің шарттың орындалуын қамтамасыз етуге қосымша демпингтік деп танылмайтын, жол берілетін ең төмен бағадан төмендетілген сомаға тең мөлшерде сома енгізу шартында осы Қағидалардың 177-тармағында көзделген қызмет көрсетуді мемлекеттік сатып алуда демпингтік баға ұсынуға рұқсат етіледі деп көрсетілген.

Осыған орай, № 3546538-1 электронды конкурсы бойынша әлеуетті өнім берушілер тарапынан ұсынылған баға ұсыныстары бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ.

Осымен қоса, Сіздің шағымыңызда көрсетілген ЖК «Кішкене » және «Жолаушы» ЖШС- нің ұсынып отырған техникалары мен жұмысшы қызметкерлері бірдей және екеуіде бірдей адамның мекемесі жөніндегі уәждеріңіз, конкурсқа қатысуға «Жолаушы» ЖШС- нің өтінім бермеуіне, олар туралы нақты деректердің көрсетілмеуіне байланысты дәлелденген жоқ.

Конкурстық тапсырыс берушісі болып танылатын «Қазалы ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-мен жобалаушымен келісу арқылы әзірленген жобалау – сметалық құжатама бойынша әлеуетті өнім беруші сатып алынатын құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін ие болуға міндетті құрылыс машиналарының, тетіктердің, автокөлік құралдарының тізбесі берілген.

Аталған тізбеге сәйкес материалды ресурстар ретінде 1- дана 85 кВт (115 а.к.) тракторге орнатылған тереңдігі 3,5 м бұрғылау - кранды машинасы, 1- дана машины маркировочные, 1- дана 6000 л. төгу жуу автомашинасы, 2- дана 1,5-10 т қалқанды автомобиль талап етілген.

Осыған сәйкес, әлеуетті өнім беруші «Акберген» ЖШС-і «*Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті жобалаушымен келісілген жобалау-сметалық құжаттама бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау үшін ие болуға міндетті құрылыс машиналарының, тетіктердің,автокөлік құралдарының тізбесі (Бұдан әрі тізбе) тізбеде көрсетілген 85 кВТ(115 а.к.) тракторге орнатылған тереңдігі 3,5 м бұрғылау-кранды машинасы бойынша ұсынылған «Энергомера» ЖШС-нен жалданған Газ 66бм БКМ-307 машинасының техникалық ерекшеліктегі талапқа сәйкес келмеуіне байланысты есепке алынған жоқ.*» деген себептермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Қағидалардың 85-1 тармағына сәйкес тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.

Осыған орай, камералдық бақылау жүргізу барысында конкурстық комиссиямен «Акберген» ЖШС-і конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілгендігі анықталды.

Жоғарыдағылардың негізінде Сіздің шағымыңыза көрсетілген уәждер ішінара дәлелденгендіктен және камералдық бақылау нәтижелері бойынша басқада бұзушылықтар анықталуына байланысты конкурсты ұйымдастырушыға Департаментпен анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама жөнелтілді.

Уәкілетті органның осы шешімімен келіспеген жағдайда, Депатамент Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабының 6 тармағына сәйкес, лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) не өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқығыңыз бар екендігін хабарлайды.

Департамент басшысы **М. Егембердиев**

орын: М. Есенбаев
тел: 233809